

ЖОСПАР

КІРІСПЕ.....	3
1 КӘСІПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒЫН ПАЙДАЛАНУ ТИМДІЛІГІН КӨТЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	5
1.1 Нарықтық экономика жағдайындағы негізгі капиталды тиімді пайдаланудың мәні, құрылымы мен жіктелуі.....	5
1.2 Құрылыс материалдар өнеркәсібінің негізгі құралдарының ұдайы өндірісі	11
2 КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	15
2.1 Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының мәні және мағынасы.....	15
2.2 Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысын ұйымдастырудың негіздері.....	18
3 НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ КӘСІПОРЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИМДІЛІГІН КӨТЕРУ ЖОЛДАРЫ.....	22
3.1 Негізгі капиталдың тиімді пайдалану жолдарын жоғарылату.....	22
ҚОРЫТЫНДЫ.....	29
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	30

КІРІСПЕ

Нарықтық қатынастарға егумен байланысты әр бір қоғам даму жолдарын таңдау алдында тұрады. Нарықтық экономикада шынайы экономикалық процестердің қиындығы, олардың қайшылығы және біртекті еместігі қоғамның прогрессивті тенденциялардың дамуына жауап беретін экономикалық саясаттың бағыттарын таңдау үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады.

Қазіргі экономика – бұл бір-біріне қайшы келетін топтар қатынасы: нарықтық қатынастар жүйесі және барлық экономиканың саналы реттелуі.

Бұл мәселелерді шешу үшін кәсіпорынды тек қана техникалық потенциалмен қамтамасыз етіп қоймай сонымен қатар оларды пайдаланудың тиімділігін көтеру қажет.

Өнім өндірісі және қызмет көрсету процессінде келесі экономикалық ресурстардың түрлерін пайдаланылады: табиғи ресурстар (жер, сулы және тоғайлы, жер қойнауы); еңбек ресурстары (адамдар және олардың қызмет көрсету және тауарларды шығару мүмкіндігі); өндіріс қорлары (өндірістік ғимараттар, құрылыстар, станоктар, тасымал құралдары, материалдар, шикізат, энергия, запас бөлшектер және т.б.), адамдардың кәсіпкерлік қабілеттілігі.

Өндірістің заттанған құралдары кәсіпорын капиталы деп аталады. Капитал өндіріс құралы ретінде өнімді шығаруға қатыстың, бірақ өндіріс процесінде олардың функциясын бойынша ажыратылатын еңбек құралдары және еңбек заттары болып бөлінеді.

Еңбек құралдары негізгі өндірістік қорлардың заттай мағынасын құрайды, яғни негізгі капиталды, ал еңбек заттары айналым капиталын құрайды.

Негізгі қорлар өндіріс сферасында қызмет етеді және республиканың ұлттық байлығының басты бөлігін құрайды. Олар республиканың кәсіпорынның техникалық потенциалын анықтайды, олардың құрамының сапалығынан және жағдайынан өндірістің өсу қарқынымен өсуі байланысты. Республика экономикасының басты орнықтырушысы – өнеркәсіпті тұрақтандыру тенденциясының қалыптасуы. Өнеркәсіпте жеделдете кері қолданылу және технологиялық өзара байланысты және бәсекелік қабілеті бар өнеркәсіптік топтар құруға кірісу керек. Мұнсыз дүниежүзілік рынокта бізде болашақ жоқ. Өнеркәсіпті басқарудың қазіргі баспалдақты құрылымдары мен жүйесі нарық талабына сай келмейді. Сондықтан да оны өндірістің өнімділігін, тиімділігін қамтамасыз етуге тұтынушылардың, өнім берушілердің, өнер талқыштардың және тағы басқалардың аралуан талаптарын қанағаттандыратынша етіп қайта құру қажет.

Нарықтық жағдайда кәсіпорын меншік формасына байланысты өзінкі меншіктің, амортизациясының, пайдасының, кредиттерінің есебінен құрал-жабдықтарды алады, цехтар салады. Өндіріс тиімді болу үшін, ол негізгі өндірістік қорларды құруға және сатып алуға жұмсалған қаражаттар бекерге жоғалтылмауы үшін негізгі қорлар толық және тиімді пайдалануы қажет. Кәсіпорын негізгі қорларын қалай пайдалануына қарай олардың пайдасы

байланысты болады, демек кәсіпорынның ары қарай дамуы да осымен байланысты.

Осыдан курстық жұмыс тақырыбы «Құрылыс капитал қаржысын ұйымдастыру» таңдалады. Пайдалану анализі және негізгі көрлер есебінің мәселесіне келесі Ресей экономист ғалымдардың И.С. Степанова, Л.А. Виногоров, Г.В. Снитко және тағы басқа жұмыстары, Қазақстанның О.Окаев, Т. Ашамбаев, С.К. Халзин және тағы басқа экономист ғалымдардың жұмыстары арналған, олардың еңбектері осы жұмыста тақырыпты ашу үшін пайдаланған. Осы ғалымдармен негізгі көрлердің есебі және анализі облысында теориялық және методологиялық сұрақтарға айтарлықтай еңбектерін енгізген.

Еліміздің Президенті ел басы Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы 2 наурыздағы жолдауында “Экономикасы бәсекегеабілетті 50 мемлекеттің қатарына ену”, “Қазақстанның индустриалды-инновациялық стратегиясында” атап көрсетілгендей Қазақстанның болашақта экономикасын мықты дамыту жоспарлары жасалуда, ал бұл жоспарлар нақты істерсіз жылжуы мүмкін емес.

Қазақстан қарапайым технологияларды қолданатын ел қатарынан шығып, дамыған прогрессивті технология қолданатын елге айналуы үшін экономикалық қуатын арттыруы керек. Осы және көптеген басқа реттеуге келетін факторларды қолдану (сыртқы байланыстарда белгілі мемлекеттерге ерекше назар аудару, жұрылымдық саясат, интеграциялық процестерді күшейту арқылы сыртқы кәсіптерге қосылу) экономиканы тұрақтандыруға, Қазақстанның дамуына және өркендеуіне жеткілікті шарт болуы мүмкін [1], [2].

Жазылып отырған жұмыстың мақсаты - жалпы кәсіпорынның нарық жағдайында негізгі капиталдарды пайдалану тиімділігін талдау жүргізу және алдағы уақытта жоғарылату. Курстық жұмыстың міндеті – пайдаланылған негізгі құралдардың талдауын жасап, кеткен қателерді анықтап оның тиімділігін арттыру жолдарын анықтау, жөндеу шаруашылығының тиімділігін есептеу.

1 КӘСІПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫН ПАЙДАЛАНУ ТИМДІЛІГІН КӨТЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІПЕРІ

1.1 Нарықтық экономика жағдайындағы негізгі капиталдың тиімді пайдаланудың мәні, құрылымдық және жіктелуі

Кәсіпорынның негізгі белгісі – оның меншігінде, шаруа жүргізуінде немесе жедел басқаруында жекешеленген мүлкінің бар болуы. Ол кәсіпорынның қызмет етуінің материалды-техникалық мүмкіндігін, оның экономикалық сенімділігін және дербестігін қамтамасыз етеді. Белгілі бір мүлкісіз ірі, кіші кәсіпорындар немесе жеке кәсіпкерлер өзінің қызметін жүзеге асыра алмайды.

Негізгі қорлар – бұл өзінің құнын бөлшектеп жоғалтатын және ұзақ кезең бойы натуралды қалпын өзгертпей сақтайтын материалды заттай құндылықтар.

Негізгі қорлардың кеңейтілген қайта өндіріс процесіне қатысу сипатына байланысты олар өндірістік және өндірістік емес негізгі қорлар болып бөлінеді.

Өндірістің әрбір процесі өндіріс қорларының қатысуымен жүзеге асырылады, олар келесідей болып бөлінеді:

1. Еңбек заттары (материалдар, шикізаттар, сатып алынатын жарғышай фабрикалар);

2. Еңбек құралдары (станоктар, машиналар және т.б.).

Еңбек құралдарын басқару нәтижесінде адам еңбек затына тікелей әсер етеді және өндіріс үрдісінде еңбек өнімін шығарады.

Еңбек үрдісінде ресурстарға және оларды тұтыну қатынасынан көпшілігінде шығарылатын өнім көлемі, олардың сапалылығы, жұмысшының оның жанұясының пайдасы және өмір сүру деңгейі, ал ақырғысында ел халқының терең экономикалық дағдарысын анықтайтын бірден-бір себеп болып адам өмірінде бағаның көтерілуі ресурстардың тиімсіз пайдалануы табылады.

Ресурстар болып жоғарыда айтылғандай мемлекет оның әкімшілік орталықтары, кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, мекемелер, жанұя жай адам немденетін өндіріс құралдары, барлық мүмкін байлық қорлары, құндылықтар табылады. Ресурстар материалдық, адамдық, қаржылық және табиғи болып бөлінеді. Осы жұмыста олардың ішінен біріншісі қарастырылған.

Негізгі қорлар – бұл еңбек құралдарына заттай айналған өндірістік қорлардың бөлігі, ұзақ кезең бойы өзінің натуралды формасын сақтайды, өнімге өз құнын бөлшектеп ауыстырады және тек қана бірнеше өндірістік циклы арқылы жүргізілгеннен кейін етеледі.

Ресурстарды негізгі және айналымға бөлудің негізіне өндірісте жүргізетін және өз құнын шығарылатын өнімге, қызметке ауыстырудың әр түрлі сипатына әр мәнді принцип қойылған. Негізгі қорлар өзінің әлеуметтік мәніне қарай меншік объектісі болып табылады және тұтынушылық құн, пайдалы заттар, сонымен қатар еңбекте тұрып қалған құн секілді натуралды түрде көрінеді.

Құрылыс кәсіпорындарының негізгі қорларына келесілер жатады: жылжымайтын мүлік (жер бөлімшелері, ғимараттар, құрылыстар және т.б. жылжуы мүлкін емес жәрмен байланысты объектілер), көлік құралдары, құрал-жабдықтар, өндірістік және шаруашылық инвентарь, арнайы инструменттер және басқа да құрал-жабдықтар (библиотекалық қор, музей қандылықтары, тірі өлем экспонаттары және т.б.) [3].

Құрылыс кәсіпорындарының негізгі қорлары олардың материалды-техникалық базасының негізін құрайды, олардың өсімі және жетілуі өнімнің сапасын көтеруінің және бәсеке қабілеттілігінің негізгі шарты болып табылады.

Негізгі қорларды көптеген өндірістік процестер ішінде пайдаланады, олар біртіндеп тозады, қасиетін және қалпын сақтап өзінің құнын жаңа шыққан өнімге ауыстырады.

Негізгі қорларға қарағанда айналым қорлары бір өндірістік процеске қатысады және өзінің құнын шыққан өнімге толықтай ауыстырады (мысалға, құн өзінің құнын жаңа пайда болған өнім-нанға толықтай ауыстырады).

Материалды активтер сатып алыну мақсатына байланысты негізгі қорлар есебінде, құралында, тауарлы-материалдық қорларда немесе қаржылық инвестицияларда көрінеді, ал қайта сату мақсатымен сатып алынған болса – тауарлы материалдық қор құрамында; ұзақ уақыт бойы қаржы салу мақсатымен сатып алынған болса қаржылық инвестиция болып көрінеді.

Негізгі қорлар өндіріс процесіне қатысу сипатына байланысты төмендегілерге бөлінеді:

- өндірістік – бұл өндіріс процесіне тікелей қатысатын немесе оған жағдай жасайтын негізгі қорлар. Оның құрамына өндірістік ғимараттар және құрылыстар, машиналар және құрал-жабдықтар, өлшеуіш және бақылайтын құралдар және жабдықтар, лабораториялық құралдар, көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық инвентарь, инструменттер, көлжылдық отырғызулар. Негізгі өндірістік қорларды пайдалануды сипаттайтын экономикалық жалпылығын көрсетіш болып жүрқайтарым табылады, ол натуралды немесе ақша өлшеміндегі негізгі қорлардың бірлігіне өнім өндірісін сипаттайды;

- өндірістік емес – тұтынуға белгіленген негізгі қорлар. Олар өндіріс процесіне қатыспайды, кәсіпорын жұмысшыларының мәдени-тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арналған.

Тәнділігі бойынша негізгі қорлар келесідей бөлінеді:

- меншікті – ол субъектке тиесілі және оның балансында болатын негізгі қорлар;

- арендаға алынған – ол басқа бір субъекттен аренда шартымен белгіленген бір мерзімге алынған негізгі қорлар. Ағымды аренда кезінде оны аренда берушінің балансында болады, ал арендаға алушы шотында ООІ «Жалға берілген негізгі қорлар» көрсетіледі. Арендаға берілген негізгі қорлар қатарына ұзақ мерзімге жалға берілген негізгі қорлар жатады, егер арендаға алушы келісім шартта белгіленген сатып алу құнын аренда уақыты біткеннен кейін немесе бітпей тұрып өткізсе, онда ол аренда алушының меншігіне өтеді.


Оларды сәйкесінше 121, 122, 123, 124, 125 субшоттарда «Ұзақ мерзімді жалға берілетін негізгі қорлар» есептейді.

- қозғалыстағы - өндірісте және шаруашылық қызметте пайдаланылатын негізгі қорлар;
- тоқтап тұрған – уақытша пайдаланылмайтын негізгі қорлар;
- запастағылар – қозғалыстағы негізгі қорларды жөндеуде, аварияда немесе жойғылып кеткенде ауыстыруға арналып қойылған негізгі қорлар.

Заттай құрамына байланысты негізгі қорлар:

- мүлiкті – заттай құрамы бар объектілер (ғимараттар, құрылыстар, машиналар, құрал-жабдықтар);
- мүлiксiз – жерге, тоғайлық және сулы жерлерге (құрылыстардан басқа) капитал салымдары, яғни заттай формасы жоқ шығындар (жер учаскілерін жоспарлау, жалға алынған негізгі қорларға капиталдық шығындар және т.б.).

Өндірілген өнім және көрсетілген қызмет қай экономика саласына және қызмет түріне жатса, соған қатысқан негізгі қорлар сол экономика саласына және қызмет түріне жатады.



1 сурет- Кәсіпорынның негізгі қорлары

Негізгі қорлар жасайтын функциясына және мақсатты белгілеуіне байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

1. Жер – объекттің меншік құқығымен сатып алынған жер көлемі және құны. Жерге деген меншік құқығы «Жер учаскісіне меншік құқық актісі» мен бекітілуі тиіс. Инвентарлы болып жер бөлімшесіне меншік құқығы актісі берілген әрбір жер саналады.

2. Ғимараттар – еңбекке жағдай жасау, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, баспана және материалды құндылықтарды сақтауға арналған

архитектурлы-құрылыстық объектілер. Инвентарлы объект болып әрбір бөлек тұрған ғимарат саналады.

3. Құрылыстар – еңбек затын өзгертпейтін қызметтерді орындау жолымен өндіріс процесін жүзеге асыру үшін арналған инженерлі-құрылыстық объектілер (шахтадар, мұнай және газ скважиналары, платиналар, эстакадалар, мосттар).

Мүқалмалар (инвентарь) болып әрбір бөлек тұрған құрылыс саналады.

4. Өткізгіш құрылыстар – электро, жылу және механикалық энергияны тасымалдауға арналған құрылыстар (электроөткізу линиялары, жылу желісі, құбырлар).

5. Машиналар және құрал-жабдықтар. Мүқалмалар объектісі болып әрбір машина саналады, егер ол басқа бір объектінің бөлігі болмаса, өзінің құрамына кіретіндер құралдар, керек-жарақтар, қоршаулар, фундамент негізгі қорлардың бұл тобы 5-ке бөлінеді:

- күш машиналары және құрал-жабдықтар – жылу және электроэнергияны шығаратын машиналар, генераторлар; әр түрлі энергияны механикалық энергияға айналдырылатын машина-двигательдері (тракторлар және өзі жүретін шассилер, бу двигательдері, турбиналар, іштен жану двигательдері).

- күш машиналары және құрал-жабдықтар – еңбек өнімін шығару процесінде еңбек затына механикалық, теориялық және химиялық әсер етуге арналған машиналар, аппараттар және құрал-жабдықтар (токарь станоктар, насостар, электромоторлар, экскаваторлар, грейдерлер).

- өлшегіш және реттеуіш құралдар, жабдықтар және лабораториялық құралдар – бұл өндірістік процессті реттеу және өлшеу үшін арналған құрал-жабдықтар (двизорлар, алтерметрлер, микроцифрлар, суөлшегіштер, манометрлер).

- есептеуіш техника – бұл процестерді автоматтандыруға және жылдамдатуға арналған машиналар, құрал-жабдықтар (компьютерлер және т.б. есептеуіш құралдар).

- басқа да машиналар және құрал-жабдықтар – машиналар, аппараттар және басқа да құрал-жабдықтар (телефон станцияларының, радиобуындарының құралдары).

6. Көлік құралдары – адамдарды және жүктерді тасуға арналған жүру құралдары (автомобиль, теміржол, су транспорттарының қозғалу құрамы). Инвентарлы объектісі болып барлық оған қатысты құрал және жабдықтармен бірге бөлек объектілер табылады.

7. Аспаптар (құралдар) – бұл механикаландырылған және механикаландырылмаған қол еңбек құралдары немесе металлдарды, ағаштарды және т.б. өңдеуге арналған машинаға бекітілген жабдықтар (кесетін, соғатын, езетін, жұқартатын еңбек құралдары – электро дрельдер, электро вибраторлар және т.б.). Инвентарлы объектісі болып тек қана басқа инвентарлық объектінің құрамына кірмейтін құралдар жатады.

8. Өндірістік жабдықтар және құралдар - өндірістік операцияларды жасауға немесе жеңілдетуге арналған құралдар - жұмыс столы, шкафтар, және т.б.

9. Шаруашылық инвентарь – конторлық және шаруашылық инвентарь (үстелдер, шкафтар және клемдер).

10. Көпжылдық отырғызулар – жасанды, көпжылдық отырғызулар (жеміс-жидектер, жүзім ағаштары, көпжылдық гүл отырғызулары, роза егіндері, тірі шарбақтар және т.б.).

11. Жерді жақсарту үшін капитал шығындары (құрылыссыз) – шаруашылыққа пайдалану үшін жерді жақсарту шараларына инвентарлы сипаттағы шығындар (жер учаскелерін жоспарлау, алаңды тастардан тазарту және т.б.).

12. Басқа да негізгі қорлар – библиотекалық қорлар, музей құндылықтары және т.б. [4].

Нарықтық экономикаға ету жағдайында бухгалтерлік есептің мақсаты негізгі қорлардың қозғалысын, шығуын, түсімін дұрыс және уақытылы қадағалау; пайдалану жерлерінде олардың бар болуын және сақталуын бақылау; негізгі қорлардың тозуын уақытылы және дәл есептеу, сонымен қатар оның есепте дұрыс айқындалуы; жөндеуге кеткен шығындарды анықтау және осы мақсатқа бөлінген қаржыларды тиімді пайдалануды басқару, тиімді пайдалануды басқару, машиналардың, құрал-жабдықтардың, көлік құралдарының және басқа да объектілердің жұмысының тиімділігін көтеру үшін қорларды табу, сонымен қатар өнім шығаруын көтеру үшін өндірістік алаңдарды қолдану; негізгі қорлардың пайдаланбайтын, артық объектілерін шығару; көісторын басшысын есептеу техника құралдары базасында есептеп шығару жұмыстарын автоматтандыру жолымен негізгі қорлардың жағдайы туралы қажетті ақпаратпен жедел қамтамасыз ету [6].

Негізгі қорлар қандай да болмасын өндірістің маңызды факторы болып табылады. Олардың жағдайы және тиімді пайдаланылуы кәсіпорынның шаурашылық қызметінің ақырғы нәтижесінде тікелей әсерін тигізеді.

Нарықтық экономикаға ету шарттары еңбек коллективін өндірістің барлық материалды-құндық факторларын соның ішінде негізгі қорларды тиімді пайдалануды көтеру қорларын тұрақты іздеуге ниеттейді. Бұл қорларды мүжіят экономикалық талдау жүргізудің арқасында тауып және іс жүзінде қолдануға болады.

Негізгі қорлардың жағдайы және оларды пайдалану – талдамалық жұмыстың негізгі бір элементі болып табылады, себебі дәл осылар әр бір өндірісті тиімді пайдаланудың негізгі факторы – ғылыми-техникалық прогрестің материалды айналуы болып табылады.

Кәсіпорынның негізгі қорларын және өндірістік қуаттылықтарын толық және тиімді пайдалану оның баруына әсерін тигізеді: оның еңбек өнімділігінің өсуіне, қорқайтарымның, өнім шығарудың көбеюіне, оның өзіндік құнының төмендеуіне, капитал салымдарын үнемдеуге.

Өнеркәсіпті-өндірістік негізгі қорларды тиімді пайдалануды және жағдайын талдау мақсаты болып: кәсіпорынның және оның құрылымдық

бөлімшелерінің негізгі қорлармен қамтамасыз етілуін анықтау, оларға деген қажеттілігін анықтау, олардың өсу жоспарының орындалуын, жаңаруын және шығуын анықтау, негізгі қорлардың техникалық жағдайын әсіресе бақтесті бөлігін зерттеу, негізгі қорлардың пайдалану дәрежесін және оған әсер еткен факторларды анықтау, құрал-жабдықтар паркінің толықтай қолданылуын және комплекттігін анықтау, қорқайтарып өсімінің резервтерін шығару, негізгі қорларды тиімді пайдалану есебінен өнім көлемін және пайданы көтеру.

Негізгі қорлар пайдалануына байланысты қозғалыстағы, запастағы және тоқтатылғандар болып, тиімділігі бойынша – жеке меншіктегі және арендаға берілгендер болып бөлінеді.

Қозғалыстағы – пайдаланудағы негізгі қорлар (жұмыстағы, жөндеудегі немесе тоқтаудағылар).


Запастағы негізгі қорларға запаста тұрған құрал-жабдықтар және кәсіп құралдары (сипаттағы резервте тұрғандар), қолданудан шыққан негізгі қорларды ауыстыруға арналған.

Тоқтатылған негізгі қорлар кәсіпорынның немесе бөлек цехтардың уақытша қолданысынсыз тоқтатуын белгіленген тәртіппен құжатты қатталғандар.

Жеке меншіктегі сол кәсіпорынға тиесілі негізгі қорлар. Арендаға алынған басқа бір кәсіпорыннан (ұйымдардан) уақытша пайдалануға салынған негізгі қорлар.

Негізгі қорлар қандай да болмасын өндірістің маңызды факторы болып табылады. Олардың жағдайы және тиімді пайдаланылуы кәсіпорынның шаураңшылық қызметінің ақырғы нәтижесінде тікелей әсерін тигізеді.

2 сурет - Негізгі қорлардың әр саладағы үлесі



Негізгі өндірістік қорлардың түрлі құрылымы әр саладағы өнеркәсіп кәсіпорындарында бірдей емес. Мысалға, ғимараттардың негізгі қорлардың толық құны жаңыл тамақ өнеркәсібіндегі үлесі көбірек (44%), құралыстар – жанар-жағармай өнеркәсібінде (17%), таратқыш құралыстар – электроэнергетикада (32%), машина және құрал-жабдыстар – машина құрастыратын кешенді кәсіпорындарында (45%) [6].

Негізгі қор бұл нақты өзгертілмеген үлгіде өзінің материалды заттай базалау құнында, ағылдық ұзақ кезеңін жиі жоғалтады. Олар кәсіпорындарда ұзақ мерзімде пайдаланып өздерінің бағасын өндiрген өнімге аударады. Негізгі қорлар ызағалыстық, ұлттық, байлықтың негізгі бөлімі болып келеді және қай елдің экономикасында болмасын анықтаушы ролінде ойнайды. Негізгі қорды тиімді немесе дұрыс пайдалану елдің экономикасын көтерiлуiне негізгі жағдайда болып келеді.

1.2 Құрылыс материалдар өнеркәсібінің негізгі құралдарының ұдайы өндірісі

Қазіргі нарық жағдайында ұдайы өндіріс тұсында жүріп жатқан саясат аса маңызды мәнге ие, өйткені негізгі құралдардың сапалық және сандық жағдайына жауап береді.

Бұл саясат тек макро деңгейде ғана емес, сонымен қатар микро деңгейде де қолданылу керек. Ұдайы өндіріс саясатының негізгі мақсаты – макро деңгейде шаруашылық субъектілерге ұдайы өндіріс, жаңа техникамен мүлктену, реконструкциялар, өндірісті техникалық қайтақаруландыру, ұдайы өндірістің жай және кеңейтілген түрлеріне қылайы жағдай жасау. Бұл міндеттердің барлығы да амортизациялық, салықтық, инвестициялық саясаттармен жүзеге асырылады.

Негізгі қорлардың ұдайы өндірісі – жаңа құралдарды мүлктену, реконструкциялар, техникалық қайтақаруландыру, модернизация және капиталды жөндеулер жолымен оларды үздіксіз жаңарту үрдісі.

Ұдайы өндірістің екі нысаны бар:

- жай ұдайы өндіріс, негізгі құралдардың тозу шығындары амортизацияның есебімен сәйкестенгенеді;
- кеңейтілген ұдайы өндіріс, негізгі құралдардың тозу шығындары амортизация есебінің соларынан жоғары болған кезде.

Негізгі қорлардың ұдайы өндірісінің басты мақсаты – кәсіпорында негізгі қорларды сапалық және сандық жағдайын қалтамасыз ету, сонымен қатар оларды жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау. Негізгі қорлардың ұдайы өндірісі үрдісінде келесі міндеттер шешіледі:

- әр түрлі жағдайларға байланысты істеп шыққан негізгі қорларды қалпына келтіру;
- өндірістің көлемін ұлғайту мақсатында негізгі қорларды көбейту;
- негізгі қорлардың түрлі технологиялық, жастық құрылымдарын жетілдіру немесе өндірістің техникалық жағдайын көтеру.

Негізгі қорлардың ұдайы өндіріс үрдісі түрлі көздер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Кәсіпорындарда негізгі құралдардың өндірісі үшін негізгі құралдар келесі арналар бойынша келуі мүмкін:

- кәсіпорынның жарғылық капиталы ретінде;
- капиталды салымдар нәтижесінде;
- міндетсіз беру нәтижесінде;
- аренда ретінде.

Негізгі қорлардың ұдайы өндірісі сандық жағынан жыл бойы негізгі қорлардың балансында толық бастықы құны бойынша мына формуламен көрінеді:

$$\Phi_{\text{ж}} = \Phi_{\text{б}} + \Phi_{\text{с}} - \Phi_{\text{ж}} \quad (1)$$

Мұндағы, $\Phi_{\text{ж}}$ - негізгі құралдардың жыл соңындағы құны;

$\Phi_{\text{б}}$ - негізгі құралдардың жыл басындағы құны;

$\Phi_{\text{с}}$ - негізгі құралдардың жыл бойына қозғалстағы негізгі құралдардың құны;

$\Phi_{\text{ж}}$ - негізгі құралдардың жыл бойына жою құны [3].

Модернизация (жаңғырту) – бұл жаңа құрал-жабдықтардың қатарына дейін негізгі құралдардың ТЭҚІН жақсарту және моральды тозуды азайту мақсатында техникалық жетілдіру болып табылады. Жаңарту дәрежесіне байланысты модернизация бөлікті және кешенді (түбірлі қайтажасау) деп екіге бөледі. Әдісі мен шартына байланысты модернизацияны типтік және мақсаттық деп бөледі.

Типтік модернизация – бұл сериялық құрылыста қалтық біртүрлі өзгерістер;

Мақсаттық модернизация – нақты өндірістің қажеттілігіне байланысты жетілдіру.

Модернизацияның шарты үнемдеу немесе қосымша түсімдердің өткізілуі мына формуламен анықтауға болады:

$$C = \Pi = (C_1 - C_2) V_2, \quad (2)$$

мұндағы, C - өнімнің өзіндік құнын азайту;

Π – қосымша түсім;

C_1, C_2 - өткізілген модернизациядан кейінгі және алдыңғы өнімнің 1 данасына кеткен өзіндік құны;

V_2 - модернизациядан кейінгі өнімнің шығару көлемі.

СМ СССР-ң 22 қазан 1990 ж. № 1072 қаулысымен «СССР-ң қалың шаруашылығының негізгі құралдарын толық қалпына келтіретін амортизациондық төлемдердің бірдей нормаларын енгізді. Олар 1 қандардың 1991 ж. барлық кәсіпорындар басқару және иелік нысандарына қарамай өнімнің өзіндік құнына негізгі құрал жөндеу шығындарын етеуі міндетті болды.

Әрбір кәсіпорын жөндеуге кеткен шығындарының бірқалыптылығын сақтау үшін жөндеу қорын (резервтік) құруға құқығы.

Өндірістік емес негізгі қорлар жөндеу және қалпында ұстау шығындары кәсіпорынның таза түсімінен, яғни салықтан кейінгі түсім арқылы жүзеге асырылады [6].

Негізгі өндірістік қорларға кеткен жөндеу шығындары оның табиғи тозу дәрежесіне, жөндеу жұмыстарын сапалы жүргізу деңгейіне, машиналар мен құрал-жабдықтармен қымет ететін персоналдардың біліктілігіне айтарлықтай байланысты болады. Сондықтан да әрбір кәсіпорындарда құрал-жабдықтардың шамадан тыс табиғи және моральдық тозулар болдырмауға тырысу керек. Егер кәсіпорында негізгі құралдардың активті бөлігінде тозу біршама болған жағдайларда (40 % -тен жоғары), мұнда құрал-жабдықтарды жұмысқа қабілетті жағдай ұстау үшін қуатты жөндеу бөлімшелерін жасау қажет. Бұл жағдайда жөндеушілер саны бүкіл жұмысшылар санының 60 пайызын құрауы мүмкін. Бұл әсіресе тау-кен кәсіпорындарға мінездес келеді. Көптеген жағдайларда бұл кәсіпорындарда жөндеу шығындары айтарлықтай көп және олар шығындарды азайту жолдары көп, олардың негізгілерін қарастырайық.

Біріншіден, кәсіпорында жоспарлы көрсетуші жөндеулер (ЖКЖ) уақытылы және сапалы етуі керек, яғни бұл аварияларды кемітіп, жабдықтардың тоқтауларын, капиталды және орта жөндеулерді азайтуға көмектеседі.

Екіншіден, капиталды жөндеуге кіріспес бұрын экономикалық жоспарда мұқият талдау жасап, капиталды жөндеу жасау немесе жаңа техника сатып алу тиімділігін анықтау керек.

Негізінен 2-шісі күрделі жөндеулерді жүргізу экономикалық жағынан тиімді.

Көп жағдайда күрделі жөндеу моральді тозуды жоймайды, сондықтан да күрделі жөндеумен бірге модернизацияны бірге өткізу экономикалық мақсатта дұрыс саналады. Дегенмен, мұнда да санау жүргізіп, күрделі жөндеу модернизациямен бірге немесе жаңа техникамен мүлкітену тиімділігін алдымен талқан жөн.

Үшінші жағдайда кәсіпорынға тікелей қатысты бөлшектерді, әсіресе өткір дефицит кезінде қалпына келтіру.

Тожан бөлшектерді қалпына келтіру мүмкіндік береді:

- уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу және кейбір запас бөлшектердің дефицитін жою;
- жөндеу шығындарын азайту, өйткені бөлшектерді қалпына келтіру, ережеге сәйкес жаңа техниканы мүлкітену немесе қайта жасалған бөлшектерден әлдеқайда тиімді;
- кәсіпорынға жеткізілетін запас бөлшектердің тасымалдау шығындарын азайту.

Тожан бөлшектерді қалпына келтіру экономикалық көзқарас жақтан пайдалы, егер:

жаңа бөлшектер салыстырылымында

$$(C_2 + E_2 K_2) Y \leq (C_1 + E_1 K_1) Y \quad (3)$$

Жаңа бөлшектерді өзіннің қаражатымен жасаған салыстырылымында

$$(C_2 + E_2 K_2) Y \leq (C_{2..} + E_2 K_{2..}) Y \quad (4)$$

Мұндағы,

C_2 – бөлшектерді қалпына келтіру өзіндік құны;

E_2 – күрделі салымдардың тиімді мөлшерлік коэффициенті;

K_2 – тозған бөлшекті қалпына келтіру үшін арнайы құралдармен мүліктенуге жұмсалған күрделі салымдар.

Y – жаңа бөлшекпен қалпына келтірілген бөлшектердің арасындағы қызмет ету мерзімін есептейтін коэффициенті;

Z_{np} – бөлшектерді жасап шығарушыдан кәсіпорынға жеткізу тасымалдау шығындары;

$C_{...}$ – өзіндік күштермен жаңа бөлшектерді жасап шығаруға кеткен өзіндік құн;

$K_{...}$ – тозған бөлшектерді қалпына келтіру үшін қажетті құралдармен мүліктенуге жұмсалған күрделі салымдар.

Тәжірибе көрсеткендей орта және әсіресе ірі кәсіпорындарда тозған бөлшектерді қалпына келтіру экономикалық тиімді болып саналады. Жөндеу шығындарын азайтудың басқа да жолдары көп. Бірақ, минималды шығындар өз қорларының активті активін уақытшы жаңартып отыратын, моральді және табиғи тозудың шаладан тыс болдырмай, амортизацияның жедел түрін пайдаланатын, кәсіпорындар жөндеу шығындарын көп есе азайта алады [19].

Негізгі қордың жөндеуі:

Кәсіпорында негізгі қорларды қолдану үрдісінде үнемі тозып отырады. Оларды жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау үшін жөндеу жүргізіп отыру қажет. Жөндеудің үш түрі ажыратылады: қалпына келтіруші, ағылды, капиталды.

Қалпына келтіруші жөндеуі – бұл әртүрлі жағдайларға байланысты болатын жөндеудің ерекше түрі: стихиялық апаттар (суылу, ерт, жер-сілкінісі), әскери бұзушылық, негізгі қорлардың ұзақ тұрып қалу жағдайларына байланысты сияқты. Қалпына келтіру жөндеулері мемлекеттің арнайы қаржысына жасалады.

Ағылды жөндеу – бұл кіші жөндеу және негізінен негізгі қорлар қызмет ету барысында жасалады. Тәжірибе бойынша көп уақыт алмайды. Кіші жөндеуде кейбір бөлшектер және тораптар ауыстырылады, анықталған кіші жөндеулер орындалады.

Капиталды жөндеу – бұл негізгі қорлардың негізгі жөндеуін жүргізеді. Кәсіпорынды жөндеуде машина толық бөлшектенеді, тозған барлық тораптар мен бөлшектер ауыстырылады. Капиталды жөндеуден кейін машинаның техникалық параметрлері бастапқыға жақындау керек [7].

2 КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

15

2.1 Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының мәні және мазмұны

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысының өзіндік мәні және көрінісінің сыртқы формалары бар және олар сан алған. Олардың беріктілігі біркелкі емес. Қаржының сыртқы формалары жиі өзгертілуде. Мысалы, кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетпен қарым-қатынас формасы жиі өзгертіліп, жетілдірілуде. Көп арналы төлемдерден пайда салығына көшіріледі; қаржының бюджеттен шаруашылық мұқтаждарын қаржыландырудың жері қозғалысы өзін-өзі қаржыландырумен ауыстырылды; кәсіпорындардың ішкі қаржы қозғалысының формалары өзгереді. Бұл қатынастар нормативтік сипат алып, шаруашылық коммерциялық негіз алуда. Қаржы ресурстарының құрылымы, әдістері, жұмсау бағыттары да өзгеруде. Қаржының мәні де өзгеруде, ол өндірістік қатынастары, олардың даму барысы, мемлекеттің шаруашылық, мәдени, әлеуметтік өмірдегі рөліне байланысты. Қаржы қатынастары, ең алдымен, бөлістік қатынастар. Олардың бөліс жүйесінің өзгерістерге ұшырап, өндірістің тиімділігін ынталандырудағы рөлі артуда. Қоғамдық өнім мен ұлғиық табысты бөлу әдістері мен формаларының өзгеруі кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетпен және несие жүйесімен нарыққа алу процесінде қаржы қатынастарын өзгертіп, олардың ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өндірістің өнімділігін арттыруда ынталандырушы рөлін баса көрсетуде.

Кәсіпорындар қаржысының мәні жөнінде әзірге ортақ пікір жоқ. Кәсіпорындардың қаржысын айқындайтын экономикалық қатынастар жүйесіне не кіреді? Бірқатар ғалымдар тауарларды сатып алу, сату кезінде және еңбекақы кезінде пайда болатын ақша қатынастарын қаржы қатынастары деп қарауға болмайды; өйткені олар бұл қатынастардың элементтері емес деседі. Алайда өндірістік қариданы жақтаушылар керісінше пікірде. Өйткені өндірістегі қаржы қатынастары ұдайы өндірістік кезеңдерін көрсететін экономикалық категория. Мысалы, айырбас кезінде өнімді өткізуден түскен түсімнен өнім беруші кәсіпорын тұтыну және қорлану қорларын құрайды. Оның барысында өнім беру шартының талаптары орындалмаса, екі жақ бір-біріне қарыз болса, тиісті қаржы айыптары қолданылады. Еңбекақы, сыйлықтар төлеу барысында туындаған ақша қатынастары арнайы қорлар құрып, жұмсау арқылы жүргізіледі. Өндіріс қаридасын жақтаушылар қаржы қатынастары өндіріс процесінің барлық кезеңін қамтиды деп санайды.

Осыған байланысты кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысын бөлу, бақылау және ұдайы өндіріс қызметін орындауды деп тұжырымдауға болады. Ұдайы өндіріс қызметінің мазмұны жай және

ұлғайтмалы ұдайы өндіріс кезінде материалдық және қаржы қозғалыстары айналымға қамтамасыз ету. Бұл үшін кәсіпорын өндіріс жоспарлары, болжамдары негізінде өнімдерді өткізу, нақты мерзімдерге сай белгіленген экономикалық нормативтерді, кірістер мен шығыстар көлемдерін белгілейді, шығындардың меншікті қаржы есебінен, уақытша алынған басқа кәсіпорындар мен өз қызметкерлерінің қаржысы банк несиелері, айрықша жағдайда бюджет есебінен ақталуын анықтайды.

Кәсіпорындар қаржысының бөлу қызметінің ерекшелігі – жиынтық қорамдық өнімнің құны айналым қаржысы процесінде белгіленген экономикалық нормативтер негізінде бөлінуі. Мұның өзі ұдайы өндіріс процесінде құнның бөліске және қайта бөліске түсіуіне қаржының қатысуын анықтайды. Ақшалай бюджеттермен қорлардың экономикалық негізінде бөлінуі қаржының ұдайы өндірістегі қызметінің басты шарты.

Бөліс - өндіріс пен тұтыруды байланыстыратын бұрын. Бұл процесс кәсіпорындармен бірлестіктердің жұмсалған өндіріс құрама-жабдықтарды толықтыруға және пайданы құрауға пайдаланған өнімдерді өткізуден өткен ақшалай табыстар алу жолымен жүреді. Пайданың бір бөлігі қайта бөлу барысында орталықтандырылған қорларға – мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорларға түсіп енді бір бөлігі шаруашылықтың қарамағында еңбекақы, әлеуметтік мұқтаждар, өндірісті ұлғайту және дамыту жөнінде шығындарды қаржыландыруға түседі.

Қаржы және несие органдармен іс-қимыл барысында бюджет алдындағы міндеттемелердің орындалуы, банк несиелерінен алынуы, қайтарылуы кезінде бақылау жүзеге асырылады.

Кейбір экономистер кәсіпорындар қаржысына үш қызмет жүктейді:

- 1) ақшалай ресурстары мен айналым қаражаттарына қызмет көрсету;
- 2) ақшалай табыстарды бөлу;
- 3) кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық қызметіне бақылау жасау.

Халық шаруашылығы салалары, бірлестіктері, кәсіпорындарының экономикалық қызметі саласында өндірістік қатынастардың өзіндік ерекшеліктері, қаржы қатынастарының басқа ақша қатынастарымен астасуы, олардың өндірістік қорлар айналымымен тығыз байланысы, кейбір ғалымдардың пікірінше, халық шаруашылығы салалары,

Бірлестіктері, кәсіпорындары қаржысының жалпы мемлекеттік қаржыдан ерекшеленуіне әкеліп соғады.

Олардың пікірінше, егер бұныға кәсіпорындардың ақша қатынастарының бүкіл жиынтығын қосса, халық шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының ақша шаруашылығы – дербес экономикалық категория ретінде өмір сүруі туралы мәселе қояға болады.

Қаржы саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың сан қылы қатынастары ірілендірілген топтарда жинақталады: бұл қатынастар ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесінде мыналардың арасында пайда болады:

Мемлекет пен өндірістік кәсіпорындар арасында мемлекеттік бюджеттен қаржыландырғанда, сондай-ақ бюджетке төлемдер төлегенде, валюта қорларын қалыптастырғанда;

өндірістік кәсіпорындар және олардың жоғарғы ұйымдары пайданы табыстарды, қорларды қайта бөлгенде, жылдық төлемдер жөнінде;

шикізат, материалдар, отын, т.с.с. төлеу үшін өзара қатынастарға түскен әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдар арасында;

кәсіпорындар мен ұйымдар арасында акциялар мен құнды қағаздар шығару және өткізу кезінде бірлескен кәсіпорындар құру барысында несиелеу мен үлестік қатыста;

кәсіпорындар мен несие жүйесі және қысқа мерзімді несиелер берілгені үшін проценттер төлегенде және т.б.

Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының негізгі белгілері:

- 1) қаржы қатынастарының көп қырлылығы, олардың формалары мен мақсатты арналымының сан алуандылығы;
- 2) өндірістік қорлардың міндетті болуы, олардың құралуы, тұрақты толықтыруы, көбеюі, бөлінуіне байланысты қатынастар туындауы. Өндірістік қорлар - өндірістің серпінді элементтері. Олар, өндірістің өзі сияқты ұдайы қозғалыста болады: оның үстіне құн формалары үнемі өзгереді. Кәсіпорынның өндірістік қорлары оның қызметі кезінде материалдық-заттық және ақша формасы қалады;
- 3) жоғары белсенділік, кәсіпорынның шаруашылық қызметінің барлық қырларында ықпал жасау мүмкіндігі.

Сөйтіп, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы – халық шаруашылығындағы ақшалай табыстарды, жинақтарды және қорларды

